



**АТЫРАУ
UNIVERSITY**

Газет 2000 жылдың
сәуір айынан шығады

Университет

Х.ДОСМУХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БАСЫЛЫМЫ
ИЗДАНИЕ АТЫРАУСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМ. Х.ДОСМУХАМЕДОВА

№1 (135)
Наурыз, 2024 жыл



**Наурыз
мейрамы
құтты болсын!**

**«Қазақтың қазақ болғанда өзіне арналған,
сыбағасына тиген жалғыз мейрамы-НАУРЫЗНАМА»
Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы**

Фотоларды түсірген: медиасорталық фотографы Ернар Қабделов



www.asu.edu.kz



media@asu.edu.kz



atyrauuniversity_official



Атырау университет



ҚҰНДЫЛЫҒЫ АРТҚАН ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ

«Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс». Осындай атаумен 14-15 наурыз күні Атырауда үшінші Ұлттық құрылтай өтті. Алқалы басқосуда жалпыұлттық құндылықтарды және ел өңірлерін дамыту секілді мәселелер көтерілді.

«Биыл Ұлыстың Ұлы күні қасиетті Ораза айының алғашқы күндерімен тұспа-тұс келіп отыр. Ұлттық құрылтай да Әз-Наурыз қарсаңында өтіп жатыр. Ұлыстың ұлы күні табиғат пен тұтас

тіршілік жаңарады. Ал құрылтайда қоғамдық құндылықтарды жаңғырту үшін маңызды қадамдар жасалады. Жаңару мен жаңғыру жақсылыққа жол ашады. Сондықтан құрылтай мүшелерінің жылына бір рет алқалы жиында бас қосуы игі дәстүрге айналды. Алғашқы отырыс ұлт ұясы Ұлытау жерінде өтсе, былтыр киелі Түркістанда жиналды. Бүгін тағы бір тарихи өлке – Атырау облысына келіп отырмыз. Үшінші отырыстың Жайық

жағасында өтіп жатқаны тегін емес. Әйгілі Сарайшық қаласы осы жерге тиіп тұр. Бұл шаһар Ұлық ұлыстың, кейін Қазақ хандығының маңызды әкімшілік және сауда орталығы болғаны тарихтан белгілі. Ұлы Жібек Жолының бойында тұрған қала бір кездері айрықша геостратегиялық рөл атқарған. Батыс пен Шығыстың экономикалық, саяси, мәдени қарым-қатынасына ерекше ықпал еткен. Атақты хандарымыз осы жерге ордасын тігіп, ел

билеген. Бірқатары Сарайшықта мәңгілік мекенін тапқан. Тарихшылардың пайымдауынша, Қазақ хандығын қуатты мемлекетке айналдырған Қасым хан осында жерленген. Бір сөзбен айтсақ, Сарайшық – төл шежіремізде айрықша орны бар киелі шаһар», – деген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев құрылтайдың тарихи мекен Сарайшықта өтуінің маңыздылығы жоғары екенін атап, айрықша екпін берді.

КІТАП ОҚУ – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА ЖЕТЕЛЕР ТӨТЕ ЖОЛ

«Адамды адам еткен – кітап, адамзат еткен – кітапхана»

Әбіш Кекілбайұлы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінде «Біз, ең алдымен, жастарды кітап оқуға баулуымыз керек. Сонда жаппай кітап оқитын ұлтқа айналамыз. Тәуелсіздік кезеңінде елімізде кітапхана ісі кенжелеп қалды. Тоқсаныншы жылдардағы аласапыран уақытта мыңдаған кітапхана жабылды. Миллиондаған кітап қорынан айырылды. Соңғы жылдары жағдайды түзеу үшін әрекет жасалып жатыр. Кітапхана – мемлекеттің, ұлттың негізгі жады. Еліміз үшін құнды тарихи деректер мен материалдардың дені кітапханада сақталады. Сондықтан кітапхана ісін дамытуға бей-жай қарауға болмайды. Кітап оқырманға қолжетімді болуы керек. Өздеріңізге мәлім, мен былтыр Түркістанда өткен құрылтайда елімізде тәулік бойы жұмыс істейтін заманауи кітапхана салу туралы айттым. Ондай кітапханалар көптеген елде бар. Менің тапсырмаммен Алматыда және Астанада көп ұзамай осындай тамаша ғимараттар бой көтермек. Жалпы, бұл саланы жетілдіру үшін басқа да ауқымды шараларды қолға алу қажет. Алматыда кейбір кітапханалар заман талабына сай жаңғыртылды. Онда жастардың шығармашылықпен айналысып, білімін ұштауына толық мүмкіндік бар. Облыс әкімдері осы жақсы тәжірибені жалғастыруы керек. Кітапқұмарлық – жақсы қасиет. Мысалы, көптеген мемлекет Ұлттық кітап күнін атап өтеді. Бөріхан Нұрмұхамедов, Айдос Сарым, Данияр Әшімбаев бастаған құрылтай мүшелері осындай бастама көтерді. Мен олардың Ұлттық кітап күнін белгілеу туралы ұсынысын қолдаймын. Бірақ оны мазмұнды етіп өткізу қажет. Мысалы, түрлі іс-шаралар ұйымдастырып, арнайы жәрмеңкелер өткізу қажет. Шын мәнінде, озық ойлы ұлт болудың ең төте жолы – кітап оқу. Сондықтан кітап оқу мәдениетін қоғамда барынша орнықтыруымыз керек», – деп тағы да кітап пен кітапхана туралы, оның маңыздылығын атап өтіп, нақты тапсырмалар берді.

Иә, расында да қазір елімізде 2021-ден бастап «Кітап оқуға құштар мектеп» жобасы іске асуда. Бұл уақытында, қазір де өзектілігін жоймаған жоба. Енді осы жобалардың ішкі мазмұнына көбірек көңіл бөлу керек. Кітап оқу бойынша қазір мектептерде жақсы жобалар іске асуда. Бұл жобаларға Атырау өңірінде арқау болған азамат Амандық Есқалиди айрықша атаған жөн. Бүгінде көптеген мектептер мен колледждер, жоғары оқу орындары осы кітап оқу жобасын жақсы жүргізуде. Бірақ, бұл мардымсыз. Сондықтан аталмыш жобаға жергілікті билік дұрыс қолдау көрсету керек. Үздік оқырмандарды қолдау мәселесі бойынша арнайы гранттар, түрлі қажетті жағдайлар жасалған дұрыс.

Мемлекет басшысы тәулік бойы жұмыс істейтін заманауи кітапханаларды облыс орталықтарынан да ашу керек деген болатын. Бұл өңірдегі бас уақыттарын тиімсіз өткізетін

жастар үшін жаңа шығармашылықпен айналысып, кітап оқып, білімін ұштайтын орталық болатынына сенімдімін. Себебі, жастардың көбі кешкілік интернетте, пайдасыз ойын клубтарында отырады. Осындай уақытта тәулік бойы жұмыс жасайтын заманауи кітапхана болса, басқаша болар ма еді. Барша оқырмандарға қолжетімді болуы үшін Атырау қаласының орталығынан салса бәріне тиімді болар еді. Жаңа заманауи кітапхананы университетке жақын маңнан салса деген ұсынысым бар. Себебі, жерлесіміз, академик Зейнолла Қабдолов университеттің маңыздылығы жөнінде «Асылы, жер бетінде университет секілді қастерлі орын сирек. Уни-верситет – адамдар зердесінде ұшқын атып, жалын шашып, мәңгілік маздап тұрған Прометей оты. Бұл аз. Университет – елдің есеюі» деген еді. Бұдан артық қандай баға керек?! Сондықтан, егер университет жанынан заманауи үлгідегі тәулік бойы жасайтын кітапхана салынса, ол бұкіл Атырау жастарының басын біріктіретін білім мен ғылым, оқу мәдениетін қалыптастыратын орта болар еді. Ол мектептен бастап, колледж, университет жастары емес, бүкіл өңірдің рухани ортасына айналдыруға біздің толық күшіміз жетеді.

Әрине, қазір университет өзінің бар инфрақұрылымымен оқырмандарына кітапхананың қолжетімді болуы үшін жағдай жасауда. Жұмыс уақытын да өзгерттік, заманауи үлгідегі жиһаздармен, техникамен жабдықтадық. Арнайы көне кітаптарды цифрландыру бойынша сканер сағып алудамыз. Бірақ бұл аз. Себебі, жыл сайын білім алушылар контингенті өсуде. Ал, ғимараттар салынғанына 50–60 жылдан асты.

Егер біз ұлттың болашағын ойласақ ең бірінші, өңірлік университеттердің дамуына көп көңіл бөлуіміз керек. Халел университеті өңірімізге 56 бағыт бойынша маман даярлайтын жетекші оқу орны. Оның 22 бағыты мұғалімдер даярлайды. Бүгінде «Жайлы мектеп» жобасы іске асуда, қазіргі мектептердегі оқу кабинеттерінің заманауи жабдықталуы өте жақсы деңгейде. Ал, соларға ұстаз дайындап отырған университеттің инфрақұрылымына көңіл бөлуді бүгін бастамасақ, кейін кеш болады.

Ойымды қорыта келіп, тағы да Мемлекет басшысы сөзіне жүгінгенді жөн көрдім.

«Біз жасампаз халық болуымыз қажет. Оған әлеуетіміз толық жетеді. Сан ғасырлық тарихында қазақ мемлекеттігінің құрылымы талай рет өзгерді. Бірақ елдігіміздің тұғыры қашанда – берік, ұлтымыздың рухы – әрдайым асқақ. Біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана алға ұмтылуымыз керек. Өнімді еңбек етіп, сапалы білім алып, ортақ мақсатқа жұмыла білуіміз қажет. Сонда болашағы жарқын, қуатты мемлекетті бірге құрамыз».

Осы қызметте баршамызға сәттілік серік болып, парасат пайымы келіскен ұлт тәрбиелеу жолында кітап оқырманға қолжетімді болуы үшін аянбай еңбек етуге шақырамын!

Саламат ИДРИСОВ
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Басқарма төрағасы – ректор

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛ БАСТЫ НАЗАРДА

Елдік бастамалардың бірегей алаңы Ұлттық Құрылтайдың үшінші отырысында ел игілігі үшін көптеген маңызды тақырыптар көтерілді. Соның ішіндегі менің қос қолдап қолдаған екі мәселе болды. Соның бірі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Өңірлерде өз қаражатына мешіт салып жатқан кәсіпкерлердің шынайы, игі ниеттерін түсінемін. Бірақ жаңа мектеп, жатақхана, аурухана, кітапхана, мұражай, спорт кешендері салынса, мешіт салғаннан кем емес игілікті және пайдалы іс болар еді. Ұрпақтары осындай нақты істерді бағалап, риза болатынына сенімдімін», – деп кәсіпкерлерге мешіт орнына мектеп, кітапхана мен аурухана салуды тапсырғаны өте орынды деп пайымдаймын. Себебі бүгінгі таңда бұл мәселе біздің өңірімізге ғана емес күллі елімізге ортақ түйткіл. Мектептің жетіспеушілігінен үш ауысымды білім беру ұйымдарының көбеюі балалардың білім алуына өз кеселін тигізіп отыр. Сондықтан кәсібі бар, бақуатты, ел дамуы үшін ізгі істерді жасауға құлықты әрбір азамат мемлекетіміздің кемел келешегі үшін білімге инвестиция құйып, ағартушылыққа жәрдемдескені абзал.

Екінші мәселеге тоқталсақ, бұл барша атыраулықтардың мұңына айналған өңірдің экологиялық жағдайы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Бүгін, міне, ортамызда атыраулық ағайындар да отыр. Соның ішінде экология мәселелерін көтеріп жүрген белсенді азаматтар бар. Жалпы Атырау жұртшылығы облыстың экологиялық ахуалына алаңдап отырғанын білемін. Қалада көріз жүйесін, су құбырын салу өте маңызды. Инфрақұрылым әбден ескірген. Соның кесірінен жерасты сулары және Жайық өзені ластанып жатыр. Облыс орталығында қоқысты сұрыптауға және өңдеуге қатысты түйткілдер бар. Атырауда қоқыс сұрыптайтын кешен салынған. Әкімдік оны жақын арада іске қосуға тиіс. Сондай-ақ қоқыс полигонын дереу ретке келтіруі қажет. Бұл мәселелер міндетті түрде өз шешімін табуы керек. Қазір осыған байланысты нақты жұмыс жасалып жатыр. Үкіметке және облыс әкімдігіне бұл маңызды жұмысты аяғына дейін жеткізуді тапсырамын. Бұл мәселе менің бақылауымда болады», – деп Атырау облысының дамуына ерекше мән беру керектігін баса атап өткен болатын. Аймаққа қатысты тікелей мәселе болғандықтан бұл мәселенің қозғалғаны мені өте қуантты. Себебі қазіргі таңда өңіріміздің экологиялық жағдайы күннен күнге нашарлап, тұрғындардың денсаулығына залал келтіруде. Сонымен қатар бізде жер асты суының өте жақын болуы да бір өзекті тақырыптың біріне айналды. Себебі жауын шашының көп түсуіне байланысты су басу қаупі бар аймақтар саны артуда. Күрмеуі шешілмеген түйткілді түйіннің бірегейі. Сондықтан Мемлекет басшысы көптің көкейінде жүрген екі мәселені осындай маңызды жиында көтеруі көңіл қуантты. Айтылған мәселелер өз кезегімен тезірек орындалады деген сенімім мол. Бұл тұрғыда экологиялық проблеманы шешу жолдарын әртүрлі ұсыныстар түсері жатқаны сөзсіз. Ұсыныстардың бізге тиімдісі Атырау облысының тұрғындарына жақсы оңтайлы болуы қарастырылса екен деген тілек те жоқ емес. Сонымен қатар Атырау қаласын белгілі бір алгоритм бойынша солтүстікке қарай көшіру жөнінде ұсыныс айтқанмын. Себебі осы аймақтағы ауа ластануы, топырақтың, жердің ластануы болып табылады. Яғни зауытты көшіргеннен пайда болмайтыны белгілі. Себебі халықтың денсаулығын сақтау үшін, сау ұрпақтың дүниеге келуі үшін нәтижелі шешім болар еді деген ойдамын. Осы тұрғыда мәселелерді байыппен шешу үшін әрі қарай біздің жергілікті әкімшіліктің аталмыш тапсырмаларды тиімді тәсілмен орындауын күтеміз.

Арман ЖҰМАҒАЗИЕВ
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті география, туризм және су ресурстары кафедрасының аға оқытушысы

МИНИСТР САЯСАТ НҰРБЕК УНИВЕРСИТЕТ ЖЕТІСТІКТЕРІНЕ ОҢ БАҒАСЫН БЕРДІ

14 наурыз – ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек өңірдегі жетекші оқу орны Х.Досмұхамедов университетіне ат басын бұрып, оқу орнының ғылыми жетістіктерін танысып, оқытушы-профессорлар мен студенттерді Амал мерекесі – Көрісу күнімен құттықтады.

Атырау университеті ғылыми зерттеу бағытында зертханаларды заманауи құрылғылармен жабдықтауда өңірдегі ірі компаниялармен ынтымақтастықты арттырған. Нәтижесінде NCOS компаниясының демеушілігімен оқу орнының «Каспий қоршаған ортаны кешенді зерттеу және мониторинг» ғылыми зертханасына жабдықтар алынған. Зертханамен танысқан министр заманауи құрылғылардың топырақ пен судың, өсімдіктер мен азық-түліктің, өндіріс орындарындағы мұнай өнімдеріне талдау жүргізудің әлеуетін арттыратындығына ризашылығын білдірді.

Министр жаңа үлгіде жасақталған IT сыныптарындағы «A-Pro Academy» бағдарламалау мектебімен бірлесе жасаған білім беру бағдарламаларының үш жылдық нәтижелерімен танысты. Компания дәріскерлері оқытқан түлектердің қатарын толықтырып, биыл оқу бітіретін үздік екі студент жұмысқа орналаспақ. Сондай-ақ, министр университеттің «JasUP» жобасы бойынша жүзеге асатын мектеп оқушыларының жұмыстарымен танысты. Жоба – балаларды робототехника жасауға, өнертабыспен айналысуға баулитын университеттің IT саласындағы шығармашылық үйірмесі. Университет – Coursera білім беру платформасына арналған курстарды жазатын арнайы студиялық лабораториясы бар еліміздегі санаулы оқу орындарының бірі. Бүгінде атыраулық ғалымдар өздерінің онлайн курстарын жазып, студенттердің оқуына ұсынып отыр. Министр Саясат Нұрбек қазақстандық платформаны дамытудағы Х.Досмұхамедов университетінің қалыптастырған тәжірибесі өзге оқу орындарына үлгі болатын тың бастама екендігін атап өтті.

Х. Досмұхамедов университетінің ғалымдары



отандық ғылымды дамытуда айтарлықтай нәтижеге қол жеткізіп келеді. Министр оқу орнының кәделі өнертабыстары мен археологиялық ғылыми зерттеу жұмыстарының көрмесін тамашалады. Атырау облысы топырағы тұзды, экологиялық ахуалы күрделі шөлейтті аймақ. Сондықтан да, ауыл шаруашылығы саласында мал азығы жем-шөп тапшылығы мен жайылымдық жердің тозаңдануы үдеп келеді. Осы мәселені жеделдете шешу үшін ғалым Болат Мұхамбетов аймақтың табиғатына төзімді түйежоңышқа тұқымдарын будандастыру арқылы ерекше құнарлы өсімдікті өсірудің ғылыми қолданбасын әзірледі. Бүгінде ғалымның қолданбалы тәжірибесіне сүйеніп, Қызылорда облысы Жалағаш ауданының және Атырау облысы Махамбет ауданының бірнеше қожалықтары өсімдікті өсіріп, тұқымын көбейтуге кірісіп кетті.

Биыл алғаш рет университет профессоры, биология ғылымдарының докторы София Сағындықованың 20 жыл бойы зертханалық ізденістермен пысықталған

өнертабысы «Софмайя» түйе сүтінен жасалатын жаңа сусыны өндіріске жол тартты. Өнім Маңғыстау облысының «AGARGAN» ЖШС мен «Ғылым қорының» бірлесе қаржыландыруымен тұтынушыларға қолжетімді болады. Бұдан бөлек, министр университет археологтарының қазба жұмыстарынан тапқан, бүгінде археология зертханасының құнды материалдық заттарын көріп, зерттеу жұмыстарына оң бағасын берді. Сонымен қатар, министрді оқу орны студенттерінің Start-UP жобалары да таңқалдырды. Болашақ экологтар шыны қалдықтарын пайдаланып эпоксидті шайырдан әшекей бұйымдар өндірген. Бұл идея қоқыс қалдықтарын кәдеге жаратудағы атыраулық жастардың жасампаз табысы.

14 наурыз – Көрісу күнімен тұспа-тұс оқу орда-сына келген министр Саясат Нұрбектің қадамын жақсылыққа балаған ұжым қазақы дәстүрмен сәбидің тұсауын кестіріп, университеттің ардагер ұстаздары ақжолтай қуанышқа ақ бағасын берді.

Жәнібек ҚАЛЫМ

«ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҰЛТТЫҚ КОРПУСЫ» СМАРТ БАЗАСЫ



арқылы іздеген сөзіңіздің қандай мәтіннен алынғанын, мәтіннің авторын, тақырыбын, жарияланған мерзімін, дереккөзін, стилін, таралу типін, тағы басқасын көрсетеді. Мысалға параллель мәтіндер корпусын алар болсақ, Абай жолының бір сөйлемінің орысша аудармасы қасында қоса тұрады. Мәтіндегі кез келген сөзді бассаңыз толық лингвистикалық ақпарат ала аласыз. Бұл сайт кез келген қолданушыға қолжетімді, ашық. Корпусы қазақ тілін үйренуге ниетті адамдар да қолдана алады», – дейді филология ғылымдарының кандидаты Анар Мұратқызы.

Бұл маңызды жобаны Ахмет Байтұрсынов атындағы тіл білімі институтының мамандары жасап шығарған. Сондай-ақ институт қорындағы қазақ сөздерінің картотекалық қоры толықтай цифрлік форматқа көшірілген. «Ахмет Байтұрсынов өз кезінде қазақ сөздерінің контекстін карточкаларға жазып жинаған. Бірақ ол өртеніп кеткен. Біздің институт 40 жылдардан бастап бұл дәстүрді жалғастырып, қазақтың әр сөзінің контекстін қима қағазға жинап, институтта 4,5 миллион карточкалар болды. 20 жылдан бастап бұл карточкаларды біздер цифрландырдық. Бұл деректерді сайттан іздеп, қарай аласыздар», – деді Анар Мұратқызы.

Ұлттық корпус қазіргі заманғы қуатты инновациялық құралдарының бірі ретінде ортақ мәдениет, біртұтас халықты қалыптастыру, тіл білімінің барлық саласындағы ғылыми зерттеулерді қамтамасыз ету үшін, көлемі үлкен мәтіндік материалды лингвистикалық өңдеу рәсімдерін оңайлату, әдебиеттану, тарих және көптеген басқа да гуманитарлық ғылымдардың мәселелерін зерттеу үшін қажет.

Наргиз САМҒАТ

ЖАС ҒАЛЫМДАР БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ



Наурызнаманың төртінші күні – «Шаңырақ күні». Қазақ өркениетінде «Шаңырақ» сөзі киелі мазмұнға ие. Бүкіл ұлт тұтас ірге жайған қара шаңырақ – ұрпақтар өрбіген қуатты ұя саналады.

Өңірдегі жетекші оқу орнында қызмет істеп жүрген жас ғалымдар ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі мен «Отбасы банкі» арасындағы екі жақты келісім негізінде жүзеге асқан «Жас ғалым» бағдарламасына қатысып, баспаналы болды. Қуанышқа орай, білім ордасының 3 бірдей ғалымына ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек пәтердің кілтін табыстады. Университеттің қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, «500 ғалым» жобасы бойынша шетелден тағылымдамадан өткен магистр Нұрбақыт Дайрабаева, физика және техникалық пәндер кафедрасының магистрі, аға оқытушы Жадыра Салықбаева, биология және ауылшаруашылық пәндері кафедрасының аға оқытушысы Мөлдір Махамбет өз қуаныштарын жасырмай, алғыстарын жаудырды.

Халқымыз жақсылық пен берекенің бастауы санайтын көктемнің басы Наурызнама мерекесінде баспаналы болған жас ғалымдардың шаңырағына шаттық, мол байлық, ғылым жолындағы табанды ізденістеріне толағай табыс тілейміз!

Аида ҚАЙРОЛЛАЕВА,
Журналистика мамандығының 4-курс студенті

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде Ахмет Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының директоры Анар Фазылжановамен кездесу өтті. Тіл жанашыры «Қазақ тілінің Ұлттық корпусы» деп аталатын қазақ мәтіндерінің смарт базасын профессор оқытушылар құрамы мен студенттерге таныстырды.

Тілдің грамматикасы мен сөздік қорын бір базаға жинақтап, қолданушының мүмкін болатын сұраныстарына қарай жасалған іздеу жүйесі бар ресурстың мәтіндік базасының көлемі – 50 миллион сөз қолданысты құрайды. Оның ішінде көлемі 14 миллион сөз қолданыстан тұратын мәтінге 16–21 параметрлік метабелгіленім енгізілген. Жинақталған мәтіндер қазақ тілінің 5 стилінен алынған. «Біздің онлайн ресурстың басқа платформадан айырмашылығы метабелгіленім

ЖОШЫ ҰЛЫСЫ ЖӘНЕ САРАЙШЫҚ

Қазақ мемлекетінің бастауында болған Жошы ұлысының құрылғанына биыл 800 жыл. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатында «Сонымен қатар тарихшыларымыздың пайымдауына, Жошы ұлысының іргесі қаланғанына – 800 жыл. Мемлекеттілігіміздің тамыры тым тереңде жатқанын әйгілейтін осы айтулы датаға орай кең ауқымды зерттеулер қолға алынады» деген еді. Осыған орай Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде «Х.Б.Табылдиев атындағы Каспий өңірінің тарихы, археологиясы және этнологиясы» ҒЗИ ұйымдастырумен «Жошы ұлысы және Сарайшық» тақырыбында халықаралық ғылыми-әдістемелік семинар өтті. Оған Қазақстан, Татарстан, Түркия, Өзбекстаннан аталған тақырыппен айналысып жүрген зерттеушілер қатысып, баяндама жасады.

Жошы хан (1187-1227 жылдары) – Шыңғыс ханның үлкен ұлы, моңғол қолбасшысы. Моңғол шапқыншылығынан кейін Қыпшақ даласында құрылған жаңа мемлекет, Жошы ұлысының негізін қалаушы, атақты Шыңғыс ханның қоңырат қызы Бөрте бәйбішесінен туған төрт ұлдың үлкені. Ол ересен күшті, ер жүрек, алған бетінен қайтпайтын қайсар адам болған. Ол алдымен моңғолдардың басқыншылық әскери жорықтарының бәріне қатысқан аса ірі әскери басшы ретінде танылады. Жошы жас кезінен көрнекті қолбасшы ретінде көзге түсті. Ол әкесі әскерлерінің жорықтарына белсене араласты. 1206 жылы Шыңғыс хан керей, найман, меркіт тағы да басқа тайпаларды бір орталыққа біріктіргеннен кейін, Жошы әкесінің тапсырмасы бойынша жасағымен 1207-1212 жылдар аралығында Оңтүстік Сібірді, Алтайды, Шығыс Түркістан жерлерін өзіне бағындырды. Шыңғыс хан 1224 жылы Орта Азия мен Қазақстандағы жорықтарын аяқтаған соң, бүкіл империяның аймағын 4 ұлына бөліп береді. Империяның құрамында Жошы, Шағатай, Үгедей, Төле ұлыстары пайда болады. Жошы ұлысына Ертіс өзенінен Жайыққа дейінгі ұланғайыр территория енді. Кейін осы Жошы ұлысының негізінде Алтын Орда мемлекеті құрылады.

Семинарды Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Басқарма төрағасы-ректор Идрисов Саламат Нұрмұханұлы құттықтау сөзбен ашып, халықаралық ғылыми-әдістемелік



ғылыми-әдістемелік семинар барысында да осы мәселе кеңірек әрі зерттеулер мен нақты дәйектемелер арқылы айтылатын болады, – деп сөзін түйіндеді университет ректоры С.Идрисов.

Ғылыми-әдістемелік семинарға қатысқан Атырау облысы Мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының басшысы Жоламанов Әбіл Тауфиқұлы бұл семинардың маңыздылығы Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев «Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұхбатымен сабақтастықта қарау керектігіне және қазіргі жастарды мемлекетшілдікте тәрбиелеудегі рөліне тоқталды.

Ғылыми-әдістемелік семинарға қатысқан халықаралық сарапшылардан бірінші болып сөз алған, т.ғ.д. Измайлов Искандер Леруно-

иерархиясы мен титулдық жүйесі дамыған билеуші рулардың рулық жүйесіне негізделген айқын әскери-әкімшілік құрылым болды, – деп Искандер Лерунович атап көрсетті.

Ғылыми семинар барысында өзекті баяндаманы «Сарайшық музей қорығы: бүгінгі мен болашағы» тақырыбында «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессоры Мұқтар Әбілсейіт Қапизұлы жасады. Өз баяндамасында Ә.Қ.Мұхтар «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының алдында тұрған күрделі зерттеулер мен проблемаларға тоқталды.

Ал, «Түркі өркениеті кезеңіндегі жылқының рөлі» және Лахай жылқысы туралы баяндаманы Шыршық мемлекеттік педагогикалық университетінің қоғамдық және гуманитарлық пәндер кафедрасының профессоры Өзбекстан Республикасы, Ташкент қаласынан онлайн қатысқан Назаров Насриддин Атақұлович жасады. Оның баяндамасы да аудиторияда үлкен қызығушылық тудырды. Стамбұл университетінің профессоры, халықаралық маман, PhD доктор Емек Үшенмез семинарға онлайн қатысып, «Алтын Орда билеушісі Өзбек ханның құраны» тақырыбында баяндама жүргізді. Сонымен қатар Жошының тұлғалық қасиетін де айқындау бағытында «Жошының әйелдері, балалары және эмирлері» тақырыбындағы баяндаманы Атырау университетінің постдокторанты, «Жошы ұлысын зерттеу» ғылыми институтының директоры Сәбитов Жақсылық Мұратұлы баяндап берді.

Халықаралық ғылыми-әдістемелік семинарда сонымен бірге Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің «Қазақстан және дүниежүзі тарихы» кафедрасының ғалымдары Жұмабаева Жұмазия Кенжебайқызы, тарих ғылымдарының кандидаты «Ұрыс хан және оның мұрагерлері: Алтын Орданың тұтастығы үшін күресі (1368-1465 жж.)» тақырыбында, тарих ғылымдарының докторы Ахметова Ұлжан Төлегенқызы дәйекті дәлелдермен баяндама жасады. «Сарайшықтағы соңғы ғылыми зерттеулер және олардың нәтижелері 2020-2024жж.», «Қазақ хандығы тарихын зерттеудің теориялық мәселелері» жөнінде тарих ғылымдарының докторы Бердіғожин Лесқали Базарғалиұлы, «Қазақ хандығындағы батырлар образы» аясында тарих ғылымдарының кандидаты Қайрғалиева Гүлфайруз және «Алтын Орданың алтын кезеңі және Қожа Ахмет Ясауи» туралы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Х.Б.Табылдиев атындағы ҒЗИ «Жазба және археологиялық ескерткіштерді зерделеу» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі Моллақанағатұлы Сайпулла сөз сөйледі. «Жошы Ұлысы дәуірінің бағдарламалық зерттеу нәтижесінде табылған жаңа нысандар (2021-2023 жж.) бойынша «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК ғалым хатшысы, тарих ғылымдарының магистрі Жұмабаев Амангелді Жеңісұлы баяндама жасады.

Тоқсан ауыз сөзді тобықтай түйіндесек, аталған халықаралық ғылыми-әдістемелік семинар әлі де мәселені кең талдау қажеттігін көрсетті. Мамандардың ғалымдарымен бірлесіп отырып, ортақ мәміле негізінде зерттеу жұмысын әрмен қарай үдетіп, жиында ұсынылған баяндама негізінде жинақ шығару керектігін де тілге тиек етті.

Сайпулла САПАНОВ
«Х.Б.Табылдиев атындағы Каспий өңірінің тарихы, археологиясы және этнологиясы» ҒЗИ директоры, тарих ғылымдарының докторы



семинардың мақсаттары мен маңызына тоқталып, Ғылыми-әдістемелік семинардың мақсаты – Жошы ұлысының 800 жылдығына байланысты ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың арнайы тапсырмасына сәйкес ЖОО, ҒЗИ Жошы ұлысының тарихын кешенді зерттеу, отандық және шетелдік архивтерден табылған тың деректерді ғылыми айналымға енгізу және насихаттау» – деп атап өтті университет басшысы.

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев «Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұхбатында ел тарихында ерекше орны бар тұлғаларға құрмет көрсету дәстүрі жалпыұлттық бірегейлікті нығайта түсуге зор септігін тигізетінін айтты. Президент ел тамыры тереңде жатқанын әйгілейтін Жошы ұлысының 800 жылдығына орай кең ауқымды зерттеулер қолға алынғанын тілге тиек етті. Осы ретте биыл Қазақстан тарихының көптомдығы жарық көреді. Бұл игі іске 200-ден астам отандық және шетелдік 60-қа жуық маман тартылған.

Атыраулық тарихшы ғалымдардың да жүргізген зерттеулері өте ауқымды. Бұл жерде жақында тұсауы кесілгені отырған ерте заманнан бастап бүгінгі күнге дейінгі кезеңді қамтитын үш томдық «Атырау облысының тарихын» атап көрсетуге болады. Көрсетілген академиялық зерттеулерде Қазақстанның Батыс өңірі, оның ішінде Атырау облысы Жошы ұлысының негізгі орталықтарының бірі болғаны нақтылап жазылған. Бүгінгі халықаралық

вич болды, ол – «М.А.Усманов атындағы Алтын орда және татар хандығы» ғылыми-зерттеу орталығының ғылыми қызметкері. Жиынға онлайн түрде қатысқан ғалым өз баяндамасында дүниежүзілік тарихнамада орта ғасырлардағы дала мемлекеттері «көшпелілер империясы» ретінде өзіндік айрықша малшылық ерекшелігі бар деген түсінік болды. Олардың мемлекеттілігінің негізі үстірт және жасанды боп екіге бөлінді. Бірақ, тарихи деректерге сүйенсек, Жошы Ұлысын зерттеу тәжірибесі оның қалаларының күрделі жұмыс істейтін және өміршең жүйенің бір бөлігі болғанын көрсетеді. Жошы Ұлысының құрылуының басталуы 1208 жылы, оның түпкілікті қалыптасуы 1243 жыл. Жошы Ұлысы – ортағасырлық империя, шекарасы шығыста Ертістен батыста Дунайға дейін, ал солтүстікте Ақ теңізден оңтүстікте Қара және Каспий теңізіне дейін сол кездегі әлем тағдырында жетекші рөл атқарды. Бүкіл ел екі қанатқа бөлінді. Бұл жүйе Жошы Ұлысының саяси тарихында және әкімшілік-территориялық құрылымында айқын көрінеді. Ішінде Ақ-Орда мен Көк-Орда өз кезінде ұлыстарға бөлінген, оларды да ағайында Бату хан мен Орду ұрпақтары билеген, олар оғлан (сұлтан, ханзада) атағын алған. Одан кейін жеке бектердің иеліктері пайда болды. Шамасы ұлыстардың өзі иерархиялық түрде ұйымдастырылған және бағынышты домендердің күрделі әскери-әкімшілік жүйесін білдірген. Яғни, Жошы ұлысында басқару

ӨЛКЕ ТАРИХЫНЫҢ ТАМЫРШЫСЫ

Қоғамдық ғылым салаларындағы жаңаша өзгерістер, соңғы қадамдар жасаған жекелеген қайраткерлер мен жарқын тұлғалардың орны мен қосқан үлесін саралау, олардың еңбектеріне тиісті баға беру – маңызды міндеттердің бірі. Осы бағытта халқымыздың тарихына терең зерттеулер жүргізіп, келелі тұжырымдар айтатын тарихшы ғалымдар туралы зерттеу жүргізу абыройлы іс екені анық. Қазақстанның батыс өңірі тарихын, Каспий мен Жайық бойының шежіресін ғылыми саралап жүрген өлкетанушы ғалымдар арасында,

жетеді. 1993 жылы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогика институтының диссертациялық кеңесінде ғылым кандидаты, 2002 жылы Шоқан Уәлиханов атындағы «тарих және этнология институты» жанындағы диссертациялық кеңесте ғылым докторы диссертацияларын сәтті қорғады.

Қазақстандағы идеологиялық және саяси жағдайдың түбірімен өзгеріске ұшырауы, тәуелсіздік негіздерінің қоғамда толық орнығып, бұл жағдай қоғамтанушы ғалымдардың Маркстік-Лениндік методологиядан біртіндеп плюралистік көзқарасқа

ақтаңдақ беттерімен гранттық қаржыландыру бағытында кешенді айналыса бастады. 2006–2008 жылдары «Қазақстандық Каспий: тарихы, орны, саяси маңызы», 2008–2010 жылдары «Батыс Қазақстан өлкесіндегі миграция мәселелері», 2018–2020 жылдары «Қазақ Хандығы құрылымындағы билер, батырлар, тархандар, жасауылдар, қожалар институттары: олардың қызметі және жойылуы (XV–XIX ғ.)» тақырыбындағы зерттеулері соның дәлелі.

2020 жылы Атырау облысының 80 жылдығына арналған «Біріншілер»

әдістер дайындалды. Сонымен қатар, қазіргі таңда тарих ғылымының алдында өз шешімін табудағы жаңа тәсілдерді, тарихи үрдістің қайта талқылануы мен жаңа тарихи көзқарастың қалыптасуын қажет етіп отырған айтулы мәселелер тұр. Тәуелсіздік алғаннан бергі тарих ғылымының жай-күйіне талдау жасау, тарихты зерттеудегі жаңа методологиялық әдістерді жасап шығару, қазақстандықтардың патриоттық және азаматтық түсінігін қалыптастырудағы тарих ғылымының маңызын насихаттау, міне, басты мақсаттар осы.

Ә.Мұқтар – тарих саласына еңбегі сіңген ғалым. Дегенмен «Шәкіртсіз ұстаз тұл» дегендей өзі тәрбиелеген шәкірттері де қазір ғылым жолында жүр. Солардың бірі – Ү.Х.Идрисова «Бақытжан Қаратаевтың өмірі мен қызметі» жөнінде және Қ.Сүндетұлы «Қазақстанның батыс өлкесіндегі баспасөздің дамуы» тақырыбында, С.С.Исмаилов «Казхи Южного Урала: социально-экономические и историко-культурные проблемы», Н.Сармурзина «Астрахан қазақтарының әлеуметтік-экономикалық, мәдени даму тарихы» және Ө.И.Исенов «Қазақ қоғамындағы тархандар институты тарихы (XVIII–XIX ғғ.)», Ж.А.Шаукенов «Социально-экономическое и культурное развитие малых городов Казахстана (на примере г.Аркалыка (1956–2006 гг.))» және Г.Қайрғалиева «Батырлар институты және оның дәстүрлі қазақ қоғамындағы орны» яғни Бөкенбай батыр және оның әулетінің негізінде сынды диссертацияларын айрықша атауға болады. Ұстаздың жеңісі шәкірттерінің жемісті жұмысын көру болса керек. Олай болса Әбілсейт Мұқтар осындай шәкірттерімен бақытты болса керек.

Әбілсейт Қапизұлы өмірі мен ғылыми зерттеулерін саралағанда ұққанымыз, Қазақстан тарих ғылымына белгілі тұлға Ә.Мұқтар шығармашылығын, ғылыми еңбектерін жеке тұлға ретінде зерттеп тану дегеніміз – өлке тарихын



тарих ғылымдарының докторы, профессор, күні бүгіндері асқаралы 60 жасқа толып отырған Әбілсейт Қапизұлы Мұқтар еңбектерінің ғылыми танымдық салмағы жоғары.

Мұқтар Әбілсейт Қапизұлы 1964 жылы Гурьев (Атырау) облысы Махамбет ауданы Сарытоғай селосында дүниеге келген, 1981 жылы Гурьев мемлекеттік педагогикалық институтының «Тарих, қоғамтану және кеңестік мемлекеттік құқық» мамандығына оқуға түсіп, 1986 жылы үздік дипломмен бітірген. Еңбек жолын 1987 жылы ғылыми-педагогикалық қызметі бойынша Сарытоғай орта мектебінде тарих пәні мұғалімі боп бастап, 1988 жылы Гурьев педагогика институты «КСРО және жалпы тарих» кафедрасының оқытушысы, аға оқытушысы болып жалғастырады. 1995 жылдан бастап Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде доцент, факультет деканы жұмыстарын атқарған. 2003 жылы Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетіне жұмысқа ауысып, факультет деканы, ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыс жөніндегі проректор қызметтерін атқарды.

2008 жылы Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры болды. 2015 жылы Атырау облыстық мемлекеттік архиві директоры, 2018 жылдан «Сарайшық» республикалық музей қорығының директоры қызметінде абыройлы еңбек еткен. Әбілсейт Қапизұлы ғылыми-зерттеу саласында табысты еңбектер атқарып, ізденпаздығы мен еңбекқорлығының арқасында өз саласында толағай табыстарға

негізделген өркениеттік теорияға көшуіне жағдай жасады. Отандық тарихтың негізі болып табылатын өлке тарихы туралы тарихи тақырыптар осы кезеңнен бастап кешенді, диссертациялық зерттеулер объектісіне айналды. Сондай, іргелі мәселелердің бірегейі мұнай тарихы болатын. Ә.Мұқтар өлке тарихшысы ретінде, өз зерттеулерін «Жайық-Жем» мұнайлы ауданының қалыптасып, дамуы (1920–1940 жж.) тақырыбынан бастап, кейін осы диссертациялық ізденісін монографияға айналдырды.

Әбілсейт Қапизұлының өлке тарихын зерттеудегі келесі зерттеуі ол Қазақстанның батыс аймағының қазан төңкерісіне дейінгі кезеңі болатын. Қазақ тарихындағы аласпыранды кезеңдерде өмір сүріп, ел басқарған Әбілқайыр ханның ұрпақтары Нұралы, Ерәлі, Айшуақ, Бөкей, Қаратай, Жантөре, Шерғазы, Арынғазы хандардың тұлғалық еңбектерін тарихи саралаған докторлық диссертация негізінде 2001 жылы «Азаттық таңы жолында (Қазақстанның батыс өңірі 18 ғасырдың екінші жартысы және 19 ғасырдың бірінші ширегі аралығындағы тарихи жағдайлар)» атты монографиялық еңбегі жарық көрді. Монография Ресей мен Қазақстан архив қорларындағы тың материалдар негізінде жазылып, қазақ хан әулетінің Қытай, Ресей, Бұқара, Хиуа елдерімен байланысы жан-жақты баяндалады. Сонымен қатар өзінің зерттеуінде осы кезеңдегі Азаттық қозғалыс көсемі, батыр Сырым Датов өмірнамасы да толыққанды тарихи сараланған. Докторлық диссертациядан кейін де Ә.Мұқтар Каспий-Атырау өңірі тарихымен, Отан тарихының

атты монографиясы жарық көрді. Зерттеу еңбекте мол архив деректері арқылы 1938–2019 жылдар аралығында Атырау облысын



басқарған қайраткер тұлғалардың өмірнамасы сараланған. Жалпы алғанда, тәуелсіздік жылдары тарих ғылымы мен оның дамуы үшін қыруар істер атқарылды. Атап айтқанда, жаңа институттар, ғылыми орталықтар ашылды, тарихшы ғалымдардың жаңа буыны жетілді, ғылыми көзқарас тоталитарлық бұғаудан босағандай болды. Тарихты зерттеуде жаңа методологиялық

ғылыми тұрғыдан терең қарастырып баяндау, тұжырымдап баға беру және тарих ғылымындағы «Ұрпақтар сабақтастығын» ғылыми пайымдау екеніне көз жеткіздік.

Дана АЛИПОВА
Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау университеті
«Қазақстан және
дүниежүзі тарихы»
кафедрасының меңгерушісі

ҰЛТТЫҚ СПОРТ – ҚҰНДЫ МҰРА



Қазақ халқы қашаннан ұлттық спорт түрлеріне бай халық. Қазақ күресі, көкпар, қыз қуу, бәйге, аударыспақ және тағы басқа спорт түрлері ерте заманнан бері халқымызбен бірге жасасып келеді. Күні бүгінге дейін олар өздерінің мән-мазмұнын жойған жоқ. Қайта үкіметтің қамқорлығының арқасында жаңарып, түрленіп келеді. Оған үкіметіміздің ұлттық спорт түрлерін дамыту жөніндегі алған құжаттары мен дене шынықтыру жүйесіндегі қазақтың спорт түрлерінің алатын орны әбден дәлел бола алады.

Қазақ халқының ерте кезде қалыптасқан спорт ойындарының бірі – қазақ күресі. Басқа халықтардың ұлттық күрес түрлерімен салыстырғанда қазақша күрестің өзгеге ұқсамайтын өзіндік ерекшелігі бар. Бұрын қазақша күрес «Күш атасын танымайды» деген қағидамен салмағына, дәрежесіне, жасына қарамай өткізіле берген. Тіпті, ағасы мен інісі күресіп қалатын кездер де болған. Күреске түскендер үлкен-кішілігіне қарамай, қайсысы күшті болса, сол жеңіске жеткен. Ел ішінде атақтары жайылған Қажымұқан, Балуан Шолақ, Битабар, тағы басқа осындай алып палуандар еді. Өздерінің спорт жолдарын қазақша күрестен бастаған, Республикамыздың мақтанышы, СССР-дің, СССР халықтары спартакиадасының, әлем және олимпиада чемпионы Ж.Үшкемпіров, сондай-ақ қазақша күрестен Қазақ СССР-нің чемпионы, самбодан жастар арасындағы әлем чемпионы, ересектер арасындағы Еуропа чемпионы А.Мұсабековтердің еңбегі куә. Ал, А.Ғабаттаров, К.Байдосов, А.Қазымбетов, Ә.Айханов, С.Өтепов сияқты спортшылар да қазақша күресті дамытуға ат салысқан абзал жандар.

Қазақ халқының ұлттық ойыны бо-

лып табылатын қазақ күресі, ат спорты, тоғызқұмалақ, саятшылық түрлері қазір ұлттық ойын түрлерінен асып халықаралық жарыстар өтетін спорт түрлеріне айналды. Ұлттық спорттымыздың ішіндегі шоқтығы биік, қалыптасып орныққан спорт түрі, бұл – тоғызқұмалақ. Бұл спорт түрі – әлем мәдениетінің озық үлгілерімен иық тіресе алатын, қазақ халқының ежелден келе жатқан рухани, логикалық ойлау өнері.

Ұлттық халық ойындарының спорт түріне айналуы үшін төмендегідей жағдайлардың болуы қажет, оларға:

- Спорттық ойын түрінің бекітілген ережесінің болуы;
- Мемлекеттік дәрежедегі спорттық мекеменің сол спорт түрін танып, жарыс күнтізбесіне енгізуі;
- Спорт түрін дамытуға арналған қоғамдар немесе федерациялардың болуы қажет.

Ұлттық ойындар мен спорттың дене тәрбиесіндегі атқаратын жұмыстарына қарай бөлсек, екеуі екі басты мақсатты көздейді. Ұлттық ойындар әр адамның дене қаблеттерінің жетіліп, жан-жақты дамуына басым қызмет ететін болса, спорттың мақсаты кәсіби түрде дайын-



далып шұғылдану арқылы жарыстарға қатысып, басқалардан асып түсу, жеңу, спортта ең жоғарғы көрсеткішке жету, яғни рекордтар жасау болып табылады.

Ойындардың спорт түріне айналу жолын қарастыру үшін алдымен адамдардың бір-бірімен жарысу, күш сынасу сияқты әрекеттерге баруларына қажетті алғышарттардың болуын анықтау маңызды болып келеді, яғни адамдарды бір-бірімен жарысуына ықпал ететін, тұрткі болатын жағдай туындамаса, сылтау болмаса, адамдар өздіктерінен күш сынасуға немесе жүгіруге шықпайтыны белгілі. Спорт оның құрамында міндетті түрде өзара жарыстық элементтердің болуымен ерекшеленеді. Ұлттық ойындардың тарихи пайда болуын зерттей келе, біз ойындардың адамдарды дене дамуына, шынығуына, еңбек етуіне бейімдеу мақсаттарында қажеттіліктен туғандығын көруге болады. Сондықтан ұлттық ойындар мен спорт түрлері жалпы дене мәдениетін дамытудың негізі болып саналады деген тұжырым жасаймыз.

Тәуелсіз елімізді әлемдік бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосу біздің негізгі мақсатымыз және Отан алдындағы борышымыз. Осы мақсатты жүзеге асыруда жасөспірімдердің орны ерекше, өйткені еліміздің туын биіктен жібіретіп, бәсекеге қабілеттілігін таныту үшін білім нәрімен сусындаған, денсаулығы мықты ұрпақ тәрбиелеуіміз қажет. Біздің елімізде дене тәрбиесі мен спорт бұқаралық сипат алған. Әрбір адамның дене тәрбиесімен шұғылдануы оның жеке басының міндеті деп айтуға болады. Ал баланы

жігерлікке, қайраттылыққа, батылдыққа тәрбиелейтін ұлттық ойындардағы қимыл-қозғалыс әрекеті – бұл бала денесінің барлық мүшелерінің дамуы және денсаулықты сақтау факторларының бірі.

Осы орайда Инновациялық білім беру факультетінің дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы, атап айтсақ қазақ күресін білім алушыларға дәріс берумен қатар Әлемдік және Республикалық жарыстарға спортшыларды дайындап жүрген Азия қазақ күресі федерациясының бас хатшысы, қазақ күресінен халықаралық дәрежедегі төреші және белбеу күресінен біріккен күрес әлемінің төрешісі Хабилов Рафаэль Ралитұлы, сонымен қатар, асық, ләңгі тебу, тоғызқұмалақ ойындарын дәріптеп жүрген Дулат Қайроғодин, Ершат Сапаров, Айман Қалдыбаева сынды оқытушыларымызды айтып кетуге болады.

Бүгінгі таңда заманымызға сай зерделі, ой-өрісі жоғары, жан-жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру – мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті. Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Бала денсаулығының мықты болуы, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Осы орайда біз ұлттық ойындарға үлкен көңіл бөліп отырмыз.

Айман ӘШПҚЫЗЫ,
дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық кафедрасының аға оқытушысы, магистрі

НҰРАЙНА НҰРЖАНОВА: АРМАНЫМ ӘСКЕРИ МАМАН БОЛУ



«Әскери сала қыз балаға жат мамандық» деген пікірді ұстанатын адамдар жетерлік. Себебі бұл сала салмағы ауыр, талабы қатаң, тәртібі қатал. Сондықтан ердің өзі де жүрексінсе таңдайтын мамандықты көпшілігі нәзікжандыларға жат көреді. Қазіргі таңда қос иығына погон тағып, ерлермен бірдей ел тыныштығын қамтамасыз етіп жүрген нәзікжандылардың саны артып келеді. Нардың жүгін арқалап жүрген қыз-келіншектер отбасында ұй шаруасымен, жұмыста жауынгерлік міндетін абыроймен орындау арқылы көпке үлгі болуда. Әлбетте, қыз-келіншектердің қолына қару алып, елді қорғау тақырыбы көпшілікке жаңалық емес. Дегенмен жауынгер әрі батыл арулар бұрыннан ер азаматтармен бірге иық тіресе Ұлы дала кеңістігін қорғағаны тарихтан мәлім. Батыстың қайсар да батыр қыздары Әлия мен Мәншүк, тұңғыш қазақ ұшқышы, «көктегі жалын» атанған Хиуаз Доспанованың ізінен ерген қазақ қыздары қаншама?! «Болмасаң да ұқсап бақ» дегендей өр рухты талап ететін мамандықта білім алушымен сұхбат жүргізген едік.

Біз сөз еткелі отырған кейіпкердің бұл оқу орнына түскеніне 4 жыл болды. Ол – Нұрайна Нұржанова. Бүгінде қаршадай қыз «Бастапқы әскери технологиялық және дене шынықтыру» мамандығы бойынша 4 курс студенті. Нұрайна Нұржанова әскери адам болуды бала кезден арман еткен. Балалық аппақ арманы алдамай, алға жетелеп, сүйікті мамандығын да тамамдауға санаулы сәттер қалды.

– Мені кішкентай кезімнен әскери адамдардың формасы қатты қызықтыратын. Мектеп қабырғасында жүргенде апа ағаларым жоғары сынып оқушыларына «Алғашқы әскери дайындық» деген пәннен сабақ жүреді, сол кезде сынып болып бірдей форма киіп, автоматты шашып, жинап үйрететінін айтып, одан әрі қызықтыратын. Жақыннан ұстап, көздеп көрсем, әскери форма киісем деген сынды ойлар маза бермеугі. Сөйтіп, мен

де 10-сыныпқа келіп, АӘД-тың алғашқы сабағына қатыстым. Мұғалім сабақ басталған бойда бірден сапқа тұрғызды. Командир сайлану керек болды. Сыныптастарым әскери оқу орнына түскім келетінін білгендіктен мені сайлады. Солай 10-11 сыныпта өз сыныбыма командир болдым. Автоматты шашып жинауды үйреніп, жетекшіміз Ғабиден ағай түрлі жарыстарға апарып, сол арқылы тәжірибе жинай бастадым. 11-сыныпқа келгенде ағайдың айтуымен, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде осы мамандық бойынша оқуға түсуге болатынын айтты. Оны естіп тіптен қуанып, қалай да осы оқуға түсемін деп, арманыма бір қадам жеттім. Қазіргі таңда «Бастапқы әскери технологиялық және дене шынықтыру» мамандығы бойынша 4 курс студентімін. Мамандығым өзіме ұнайды. Отбасым да қарсы болмады, өзім таңдап түскеннен кейін ешқандай өкініш жоқ. Ең қызығы тобымда 23 ер бала және қыздардан жалғыз мен ғана. Солай бірінші курстан бері бірге келе жатырмыз. Әскери өмір тек қиындықтардан ғана тұрмайды, қызығы мен шыжығы қатар жүретін мамандық. Алдағы уақытта, осы мамандығым бойынша әскери жетекші болғым келеді, – дейді Нұрайна мамандығына деген ерекше ықыласпен.

Иә, Нұрайна Нұржановамен әңгіме барысында оның инбаттылығының астарында ер адамға бергісіз қайсарлық пен жігерлікті аңғардық. Өзінің болашағын салмақты саламен байланыстырып, өр рухты өн бойына жинағанын көруге болады. Әдептен озбай, сөз соңында университет қабырғасына түскен кезден бастап әскери тәртіптің қандай болатынын, мамандықтың қыр-сырын үйретіп, болашаққа бағдар берген кураторлары Эдуард Тулегенов пен Бердібек Алтаевқа шәкірттік ризашылығын білдірді.

Гаухар АЛДАБЕРГЕНОВА,
журналистика мамандығының 4-курс студенті

ӘЗІРБАЙЖАН ҰЛТЫ НАУРЫЗДЫ ҚАЛАЙ ТОЙЛАЙДЫ?



**ЖАҢА ЖЫЛ: 22 НАУРЫЗ...
ӘЛДЕ 31 ЖЕЛТОҚСАН БА?**

Жаңа жыл наурыз айынан, дәлірек айтқанда, күн мен түн теңесетін 22 күні басталса қалай болар еді? Осы сұрақ көптің көкейінде жүргелі қашан! Расымен де, ес жиып, етек жапқалы, ел болып егемендік алғалы тойланып келе жатқан Ұлыстың ұлы күні мұндай құрметке әбден лайық. Бұл бағытта кімнің не ойлайтынын білмек болып, азын-аулақ ой көкпарын ұйымдастырған едік.

«ҰЛТТЫҚ МЕЙРАМНЫҢ МӘНІ ЗОР»

**Зульфия ӨТЕБОЛАТҚЫЗЫ,
Нұржау ауылының тұрғыны:**

– Желтоқсан келсе болды, жұрт «жаңа жыл келіп қалды» деп жанталасады. Шыршалар, сыйлықтар, отпашулар, онымен қоса Аяз ата мен Қар қызы тағы бар. Жұртшылық жаңа жылдың басты символы шырша болса, оны аталған кейіпкерлерсіз елестетпейтіні жасырын емес. Жаңа жылдық киімдерін киініп, алаңдарда қойылған шыршалардың маңынан табыла кететін олармен сіз де қалтаңызда ақшаңыз болса, естелік суретке түсіп қалуыңызға болады. Концерттік бағдарламалар ұйымдастырылып, жан-жақтан отпашулар басталады. Бұл қалалық елді мекендерде жүзеге асқанымен, ауылдық жерлерде мүлдем жоқ десе де болады. Әркімнің өзіндік жеке пікірі болады емес пе? Өз басым бұған түбегейлі қарсымын! Бір ай бұрын дайындалатын Аяз атамның өзіндік ұлттық мейрамды да дәл солай күтсе жақсы болар еді. Ұлттық мәдениетімізді ұлықтау арқылы ғана қазақтығымызды сақтап қалатынымыз белгілі.

«БАЛАЛАР АЯЗ АТАНЫ КҮТЕДІ...»

**Наурызбай МҰХТАРҰЛЫ,
жергілікті сәулетші-жобалаушы:**

– Қазір де көптеген заманауи үрдістер қазақ ұлтына тән емес екені шындық. Бірақ жаһандану заманында «біздің салтқа келмейді екен» деп қарап отыруға тағы болмайды. «Көп ұлтты мемлекетпіз» дегеннен кейін жақсы нәрселерді алып, жаманынан жиіреуіміз керек. Ал, Жаңа жылды тойлау қазіргі қоғамға сіңіп кеткендіктен, балалардың да барлығы осы Аяз ата мен Ақшақарды күтеді.

«МЕРЕКЕЛІК КҮНДЕРДІ ҚАЙТА ҚАРАУ ҚАЖЕТ»

**Мәлдір ҚАЙЫРҒАЛИЕВА,
Құрманғазы аграрлы-техникалық колледжінің студенті:**

– Жаңа жылдық мерекенің басты кейіпкерлері болып санамызға сіңіп кеткен «Аяз ата» мен «Ақшақар» біздің қиялдан туған жоқ. Біз Аяз би, Ер Төстік, Алдар Көсе, Тазша бала, Қожанасырларды оқып өскен ұрпақпыз ғой. «Аяз ата», «Ақшақар» дейтіндей олардың қазіргі сиқы да бұзылды, халық алдында беделі қалмады. Кеңес заманында әр шаңырақтың ырыс-берекесін еселеуге тырысатын Аяз аталар бүгінде ішкіш, сайқымазақ кейіпке еңсе, Ақшақарының да киім киісі ашық-шашық, жүріс-тұрысы да көңіл көншітпейді. Өйткені, оларды кез келген адам сомдап, кейіпкер абыройын айрандай төгіп жүр. Олай болса, бәрі айналып өз орнына келуі керек сияқты. Жыл басы – көнеден Наурыз екенін ескеріп, мерекелік күндерге заңды түрғыда өзгерістер енгізілсе деген тілегімді айтып кетеді.

«НАУРЫЗ – ТЕК ХАЛЫҚТЫҚ МЕРЕКЕ»

Мерей АМАНГЕЛДІ,

**Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Инновациялық білім беру факультетінің 4-курс студенті:**

– Рас, қыстың қытымыр аязында халқымызға қатысты жоқ кейіпкерлермен жаңа жыл мерекесін тойлау әбестік екенін айттып жүргендер бар. Олардың арасында зиялы қауым өкілдері де, қарапайым азаматтар да бар. Бірақ бұл тақырыпқа қатысты алуан түрлі пікір бар. Ал, мен күллі әлем елдері тойлайтын Жаңа жылға еш қарсылығым жоқ. Өйткені, желтоқсан айында жыл жабылып, күнтізбе жаңарады. Демек, бұл – жаһандық жыл санау болып саналады. Сондықтан біз де өркениет көшінен қала алмаймыз. Мәселен, латын әліпбиіне көшу туралы бастама көтердік. Не үшін деп ойлайсыздар? Мұндай маңызды шешімді мемлекет тектен-тек қабылдаған жоқ. Яғни, дүние жүзіндегі ұлы үрдістер, технологиялық жаңалықтардың бәрі латын қарпінде таңбаланған. Соның бәрінен тыс қалмауымыз керек. Міне, жаңа жылға қатысты да солай деуге болады. Айтқым келгені, 1 қаңтарда ресми жаңа жыл күшіне еңсе, ал, наурызда жеке халқымызға тән жаңа жылды тойлаймыз деп түсінген жөн.

«КӨШТЕН ҚАЛУҒА БОЛМАЙДЫ»

**Саттарбек ӘБУҒАЛИЕВ,
атыраулық әскери қызметкер:**

– Еңбектеген баладан еңкейген көріге дейін барлығы Жаңа жылды асыға күтеді. Ал, Аяз ата мен Ақшақарды қатыстырып, жылдың басты мерекесін қарсы алу дәстүрге айналып кетті. Жасыл шыршаны да жағатын солар. Олар – Жаңа жылдың сәнін келтіріп жүр. Бұларсыз мерекенің мәні жоқ секілді. Меніңше, олар керек. Неге? Себебі, қазақ салт-дәстүрінде жоқ дегенімізбен, заманымызға лайықты. Бұл мәселені тек біржақты қарауға болмайды. Ұлттымызға тән болмаса да, құндылықтарымызды одан сайын толықтыра түсетіндей көрінеді. Бұған қоса бұлдіршіндеріміз де сүйікті кейіпкерлерің асыға күтеді. Әрине, бұл – менің жеке пікірім. Қалай болғанда да, біздер Тәуелсіздік жылдарында дүниеге келген ұрпақпыз ғой. Олай болса, үнемі жаңашылдық пен прогреске ұмтыламыз. Бұл ретте, заманауи үрдістен де кенже қалуға болмайды деп ойлаймын.

Әділет ҚАНАТҰЛЫ,

журналистика мамандығының 1-курс студенті

Наурыз мейрамы — ежелгі заманнан қалыптасқан жыл бастау мейрамы. «Ұлыстың ұлы күні» деп аса қадірлейтін бұл күннің халқымыз үшін маңызы ерекше. Аталмыш мейрам түркі халықтарына ортақ. Қыстан аман-есен шыққанын, ызғарлы қыстың кетіп, Жер анаға жан біткеніне барлық жаратылыспен қатар қуанып, тойлайды. Сондықтан, Ұлыстың Ұлы күнін түркітілдес елдері ерекше сән-салтанатпен қарсы алады.

Жалпы Наурыз мейрамы Тәжікстанда, Өзбекстанда, Түркіменстанда, Әзербайжанда, Грузияда, Албанияда, Қырғызстанда, Македонияда, Түркия мен Қазақстанда атап өтіледі. Әзербайжан ұлтының өкілі, Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасының 2 курс студенті Айтадж Гурбанованың айтуынша Наурыз мейрамы Әзербайжанда жыл сайын бес күн тойланады, оның ішінде 20 және 21 наурыз – көктемгі күн мен түннің теңелу күні. Бұл мереке көктемнің келуіне, табиғаттың жаңаруына орай аталып өтіледі. Наурыз күндері дәстүр бойынша от жағылады, түрлі тәттілер дайындалады (шекербура, бадамбур, баклава, гогол), хончаны киіндіреді (науаға жиналған тағамдар), көшеттер отырғызылады және пісірілген жұмыртқаны бойды.

– 2010 жылғы 23 ақпанда БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған қаулыға сәйкес 21 наурыз Халықаралық Новруз күні болып жарияланды. Сол себепті Әзербайжанда бұл мерекені «Новруз байрамы» деп атайды. Наурыз – біз үшін ұлттық мереке. Наурыз мерекесіне дайындық бір ай бұрын басталады. Осы себепті біз бұл мерекені өте жақсы көреміз және оны үлкен құрметпен атап өтеміз. Ең қызығы қазақ халқында наурыз мейрамы кезінде бауырсақ, наурыз көже сияқты ұлттық тағамдар міндетті түрде әзірленсе, біздің елімізде ұлттық тағамдардың бірі шекер бура дайындалады. Ал, шекер бура дегеніміз Әзербайжан тәттісі яғни, кішкене ашытқы қамырынан жасалған бәліштер тәріздес, бетінде өрнегі бар және ұнтақталған жаңғақ, қант пен кардамон қосып дайындалады. Әзербайжандықтар мейрамдағы ас мәзіріне ерекше мән береді. Әдетте мерекелік дастархан жайған әр отбасы дастарханда атауы «с» әрпінен басталатын жеті тағам құрамынан жасалған ас тұруы керек екендігін естен шығармайды. Сонымен қатар, мейрам кезінде халықтық мерекелер басталып, әр аймақта концерттер ұйымдастырылады. Ұлттық киім киіп, әшекейлер таққан халық ерекше әсемденеді. Қала орталығында орналасқан алаңның дәл ортасында наурызға арналған арнайы от шоғы жағылады, – дейді Айтадж Гурбанова.

Наурыз мейрамын еліміз көктемгі көңіл күймен, сағынышты көрісулерімен, жалынды



құшақтасуларымен жаңа жылды қарсы алады. Жылдан жылға мейрамның мәні мен маңызы айшықталуда. Ұлттық нақышта киініп, ұлттық дәм әзірлеп, әсерлі көңіл күймен жаңа жылды қарсы алу әр жыл сайын жандануда. Биыл елімізде мерекеге демалыс күндері жалғасып, қазақстандықтар Наурыз мейрамын бес күн бойы атап өтеді. Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!

**Мәншүк СЕРІК,
журналистика мамандығының 4-курс студенті**

КӨРІСУ АМАЛ МА, ДӘСТҮР МЕ?

Қазақтың батыс өңірінде ғана сақталған ерекше дәстүрдің бірі – көрісу. Ата-бабамыздан қалған бұл салт 14 наурыздан бастап аталып өтіледі. Қыстан аман шығумен қатар өкпе-ренішті, ашу-ызаны ұмытып, араздық тарайды. Көрші-көлем бір-бірін асқа шақырып, амандық-саулықтарын сұрасады.

Көрісу – тек қана жақсылық тілеп, өкпе-ренішті басатын мереке емес, үлкенге ілтипат білдіріп, қолын алып, кішіге ізет көрсетер дәстүр. Көрісу бір күнмен шектеліп қана қоймайды. Бұл күнде алыстағы ата-әжелерімізге, туыс-бауырыға кез келген уақытта жол түсе салысымен қолын алып сәлемдесу қажет.

Атыраулықтар да бұл мерекені асыға күтеді. Себебі, жыл сайын дәстүрлі түрде Исатай Махамбет алаңында киіз үй құрылып, мерекелік қойылымдар, концерттер өтеді. Қазақтың ұлттық дәмдерімен қоса сусындары да бұл күнде махаббатпен жасалады.

Аталмыш мереке бүгінде тек батыс аймағында сақталған деген пікір бар. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ұстазы Шахман Нағымұлының айтуынша, мұндай жансақ пікірге ғылыми негіздеме

жоқ. Бұл мерекенің туындауына түрлі рудың бір-бірінен шалғай тұруы себеп болған. Ғалым көрісу мейрамының шамамен Қазан төңкерісіне дейін 150–200 жыл бұрын қалыптасқанын айтады.

– Осыдан 10–15 жыл бұрын «Көрісу» мерекесін «Амал» мерекесі деп қате пікір аталып келді. Амал деген ол табиғат құбылысы. Өзге облыстарды біртпағанда, Атыраудың өзінде бірнеше амал бар. Ол жазғытұрым, күз айларында болатын табиғат құбылыстары. Мысалы, бесқонақ, бесешкі, құралай деген бар. Бұл табиғат құбылыстарының Көрісу мерекесіне еш қатысы жоқ. Көрісу ол – дәстүр, – деп атап өтті профессор.

Сондай-ақ, қазір аталмыш мерекені тойлау салты да өзгерген. Ықылым заманда қыстың аязынан мал асырау да, ауылдардың бір-бірімен қатынауы да қиынға соғышты. Қар еріп, көктің басы қылтып шыға бастаған уақытта суықтан аман қалған халық көрісіп, амандық сұрастырған дейді ғалым.

– Бір-бірімен қатынаспай отырған ауылдар жылап тұрып көріскен. Мен оған бала кезімде куә болғанмын. Мысалы, абысыннар бірін-бірі көрген уақытта егіліп жылап, қол беріп амандасуға шамалары келмей,

құшақтасып амандасқан. Қазақтарда оның ішінде Батыс қазақстанның жазғытұрым жайлауға наурыздың ортасында шығады. Кейін 21–22 наурызда жаңа жылды кеңінен тойлайды. Айталық үлкен етіп киіз үйлер құрылады, көрісуден бір жұмадан кейін Наурыз мейрамы басталады. Күн мен түн теңелген уақытында болатын бұл дәстүрдің мағынасы осында. Ең қызығы кешке жақын ойын-сауықтың басталуы. Жыршыларымыз да таң демей, түн демей эпостық жырларды айттып отыратын, – деді Атырау университетінің ұстазы Шахман Нағымұлы.

Заман өзгерсе де, уақыт ағымынан қалыспай осы күнге дейін дәстүрдің жеткенінің өзі қазақ халқының өз салтына берік екендігін дәлелдейді. Әсіресе, Көрісу мерекесі бір-бірінен хабарсыз қалған ауыл адамдарының бауырмалдығын, бірлігін айқын көрсетеді. Бүгінде өзгеше сипат алғанымен, жібі үзілмей, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып жатқаны көңілге қуаныш. Ендеше, береке мен бірліктің мейрамы Көрісу күні құтты болсын! Бір жастарыңызбен!

**Жадыра ТӨЛЕМІСОВА,
журналистика мамандығының
4-курс студенті**

АНА ЖАЙЛЫ

(монолог)
«Әке, әке, сен айтатын жақсы сөздер көп еді, Айтшы енді, ана жайлы ең жақсы сөз не?» деді.

Ана жайлы...
Ана жайлы пайғамбарлар сәлемі,
Ана жайлы ақындардың өлеңі,
Ана жайлы – қара жердің төзгені,
Ана жайлы – уақыттың безбені,
Ана жайлы айттырмаған бір сөз болса әлемде,
Ол да ананың айта алмаған сөздері,
Ана жайлы жақсы сөзді есту үшін тыңда, қызым,
Тыныштықты, Тауды, Көлді, Ай сәулесін, Күн нұрын,
Ана жайлы сенің тәтті қиялдарың, арманың,
Ана жайлы менің барлық шындығым.
Мен айтатын жақсы сөздер көп еді,
Мен де анамды жақсы көрем, себебі!
Білесің бе, бұл әлемге адамдар,
Ана жайлы айту үшін келеді!
Адамзаттың ең бір асқақ бар әні,
Жыр еткенмен, пір еткенмен ананы,
Бұл өмірді қалай сүріп өткені –
Ана жайлы айтқан сөзі болады.
Ана жайлы – кең дүние – бесігің,
Ана жайлы аманат пен кешірім,

Анаң үшін ең жақсы сөз дүниеде –
Қызым, сенің есімің!..

Ана – біз дүние есігін ашқандағы ең алғаш рет көрген әдемі де мейірімді жан. Ол қиын уақытта әрқашан қасында болатын ең жақсы және ең жақын дос. Онымен бірге барлық қиындықтар соншалықты қорқынышты емес. Ол кез келген мәселені шешуге көмектеседі, тіпті ең үмітсіз болып көрінетін жағдайларда да шығу жолын табады. Біз жыл сайын, күн сайын есейіп, ер жетсек те анамыз үшін кішкентей бұлдіршіні болып қала береміз. Оның махаббаты, тіпті қыстың аязында да күндей жылытады, ал күлкісі ең қараңғы түнде жолымызды жарық етеді. Анашым, сіз менің жұмағымсыз. Өмірге мән беріп қарасам сізден асқан адам да, сізден асқан байлық та жоқ екен. Қарға да өз баласын апағым демей ме? Қанша қателесіп ренжітсек те бізден теріс айналып кетпедіңіз. Біз қандай болсақ та махаббатыңызға бөлеп, еркелетіп жүрдіміз. Анашым, мына қысқа өмірде сізге қанша алғыс айтсам да артық етпейді. Анашым, бұл сіздің перзентіңіздің өзіңізге деген алғысы деп қабылдаңыз. Жаратушыдан тек амандығыңызды тілдеудемін. Сізді қатты жақсы көремін. Рахмет сізге, Ана!

**Әсем МЫРЗАҒАЛИЕВА,
журналистика мамандығының 3-курс студенті**

Нұрлыгүл Достанова, «SAF» студенттік театрының режиссері: БІЗДІ ТОҒЫСТЫРҒАН ӨНЕРГЕ ДЕГЕН МАХАББАТ

«Театр – хас сұлудың көз жасындай мөлдір өнер» деп халық жазушысы Ғабит Мүсірепов айтқандай тұңғыққа толы тұнық та таза өнерге әркімнің де таласы бар. Сондай жандардың бірі біздің кейіпкеріміз Шалқардың тумасы, мектеп кезінен білімге зерек, оқуға озат болған ол өнерден де кем де кем болмаған. Оның өнерге деген махаббаты, пәк сезім мен апақ арманы театрға бала кезден жетелеген. Мектеп қабырғасында жүріп-ақ театрға деген қызығушылығы оянып, оқушылар арасында да түрлі қойылымдардың қойылуына сеп болған. Осылайша оның ұйымдастырушылық қасиеті ашылып, өнерге деген аз-аздан үздіксіз жасалған қадамдары жаңа адым аттаған сәбидей тәй-тәй баса бастайды. «Өнер жолы – ауыр жол» дегендей тағдырдың тарам жолдары арудың арманын аяқ асты етіп, Алатаудағы өнер орда-сына оқуға түсуді бұйыртпаған. Мектепті алтын белгімен тәмамдаған Нұрлыгүлдің өнер ордасына оқуға түсе алмай қалуы бір сынап алса да, сағын сындырмады. Көзінен аққан ащы жасы мөлдір өнерге деген ынтызарлығы мен махаббатын өсірмесе, өшірмеді. Тағдырдың айдауымен шалқарлық аққу Жайыққа қонып, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің журналистика кафедрасына оқуға қабылданып, шығармашылық ортадан ажырамайды.

– Театр сізді тапты ма, әлде сіз театрды таптыңыз ба?

– Шынымды айтсам, оқуға түскенімде нағыз шығармашылықты дамытатын, көз тартып, жанымды баурап әкелетіндей бір ұйымды өз басым таппадым. Дегенмен сол уақытта университеттегі Азиза Серікқызының жетекшілігімен «Самғар» театрының қайтадан ашылғалы жатқанын естідім. Бұл да бір мүмкіндік шығар деген оймен, жүрек түпкіріндегі арманым бір қадам жақындайын деп осы театрға келдім. Ең бірінші қабылдау күні театрға кіруге үмітті 50-60 студенттер жетекшілермен жүздесу үшін бір залға жиналғанбыз. Бірақ мен іштей осыншама адамның бойында әртістік қабілет бола бермейді деп пайымдадым. Оған қоса сонша студенттің бойындағы мыс та, өнерге деген құштарлық та, рух та сезілмеді. Сол жерде бәріміз «не істейміз, не қыламыз?» деп он ойланып, мың толғанып жүріп алдық. Яғни процесс қызбай қалды. Ешқандай жұмыстың жүрмей жатқанын байқап, бірден өзім қолға алуым керек деп, бірінші курс студенті болсам да белді бекем буып, топ ішінен суырылып сөз сөйлеп, театрды жандандыру керектігін айттым. Сол сәтте Азиза Серікқызы менің бойымнан бірнәрсе байқады ма, кім білсін сол жерде маған театрды тапсырып, бір спектакль іздеп табуымды жүктеді. Біз іздене келе Шыңғыс Айтматовтың «Қызыл орамалды шынар» қойылымын таңдадық. Бұл қойылымда басты рөлдің басын Данир Мұхтаров пен өзім ойнаймын, яғни басты кейіпкер Лияс пен Әселді біз сахналадық. Театрдың жетекшісі әрі аталмыш қойылымның қоюшы режиссері Әсемгүл Шаймарданқызымен үштік болып, театрға қайтадан жан бітуі үшін барымызды салдық. Яғни спектакльді сахналау үшін бір ай дайындық жүргіздік. Дайындық аяқталып, қойылым пісіп,

жетілді-ау деген уақытта бірден афишаларды әлеуметтік желілерге жариялап, қабырғаларға да іліп, тіпті аялдамаға дейін жабыстырып тастадық. Университет акт залында 350-дей орын болса соның 150-170 орынды қамтыдық. Солай біздің театрдың алғашқы шымылдығы осы қойылыммен ашылды. Студенттер арасында қызу талқыға түсіп, қызығушылық та оята алған қойылым болды десем артық болмас. Міне, осы қойылымнан соң оқытушылардың да, студенттердің де университет театрына деген көзқарасы мен ойы да ерекше бола бастады.

– Спектакль қалай таңдалады, қойылымды кім жазып шығады?

– Иә, алғашқы қойылымнан соң өзімізге деген сенімділік артып, театрды одан әрі дамытамыз деген ақ адал ой бәріміздің жүрегімізде орын алды. Жазғы демалыстан қайтып оқуға келгенде бірден театрды қайта жинадық. Жасыратыны жоқ көпшілігі «театр дайын спектакльді қоя салады» деп ойлайды. Бұл жансақ пікір, себебі театрдың әрбір мүшесіне ұнайтынды спектакльді бірден табу аса қиын. Қойылымға келеді-ау деген түрлі шығармаларды қарасақ та біздің көңілімізге қонымдысын таппадық. Ізденгенім соншалық өзім бір түнде 10 түрлі әдеби кітапты оқып тастадым. Бірақ соңында Төлен Әбдіктің «Оң қол» кітабына көзім түседі. Сол кітапты оқи бастағанымда ойымда автоматты түрде голинация болады. Яғни қиялымда барлығы елестеп, кейіпкерлердің іс әрекеті, қимылы мен сөздері бәрі-бәрі бірінен соң бірі келе бастайды. Сол қарқынның жетегімен бірден спектакльді жазып шығамын. «Қызыл орамалды шынар» қойылымының қоюшы режиссері Әсемгүл Шаймарданова болса, «Оң қол» спектаклінде қоюшы режиссер өзім болдым. Театрға қойылымды таныстырғанымда оларға бірден ұнап, осы қойылымды сахналаймыз деп шештік. Дайындықты бастаған уақытта шығарманың әрбір ұсақ-түйегіне дейін мән бердік. Тіпті афишаның өзіне де ерекше мән бердік. Соған байланысты локацияны да іздедік, театр мүшелері боп бәріміз университетті де шарладық, алайда көңілге қонымды жер таппадық. Сөйтпін университет терезесінен қарап отырсам, ескі ғимаратқа көзім түседі. Ғимараттың ерекшелігі сондай менің санамда бірден осы спектакльмен байланысып, көзіме елестей бастайды. Бірақ ғимаратқа кірудің де оған рұқсат алудың да қиындығын іштей сездім. Дегенмен «қалауын тапса, қар жанар» дегендей иелерін тауып, рұқсат алдық. Солай біздің алғашқы арнайы афиша үшін түсірілген суреттеріміз де өте сәтті шығады. Қойылымның жанры психологиялық-сюралистік жанр, яғни хоррор драмасы боп есептелінеді, міне осыны біз афишадағы суретпен де жеткізуді қаладық. Осы ойымыз іске асқаны сонша көрермендердің қызығушылығы жоғарылып, театрда өншіла болады. Тіпті есікті соғып, «мен көруім керек» деген айқаймен акт зал есігін теуіп жатқан көрермендер де болған еді. Спектакльді жазғаннан бөлек, осындай дүниелерге де ерекше мән береміз.

– Театр атауы Самғардан Саф деп өзгертілді, мағынасы қандай?

– Саф сөзінің тікелей және жанама мағынасы бар. Тікелей – бұл табиғи түрде пайда болған элемент – әдетте әртүрлі пішіндегі және өлшемдегі металл бөлігі яғни түрлі асыл тастар. Жанама мағынада бұл сөздермен арнайы білімі болмаса да, тума таланты мен дарыны бар адамдарды атайды. Яғни, өнерге деген саф алтындай пәк, таза, ақ адал ниетімізді білдіргіміз келді. Мөлдір тұнықтай өнердің саф алтыны болу мақсатында осылай атадық.

– Студенттік театрлар арасында өтетін түрлі байқаулар бар, бақ сынап жүрсіздер ме?

– Былтыр театрда кастинг жариялап, жаңа әртістерді қабылдап жүргенде Астана қаласында өтетін студенттік театрлар арасындағы «Үміт 2» Республикалық байқауға шақырту аламыз. Осы байқау арқылы біздің театрдың өзге студенттік театрларға ұқсамайтын қырларымызды аңғардық. Мысалы театрдың әрбір мүшесі өнерді терең түсінуі, құрметі мен сыйластығы, айрықша мәдениеті және тәртіп сақтауы сияқты ерекше қасиеттерді байқадық. Сахнада да, тіпті сахна сыртында да жүріп, тұру, орынсыз сөйлемеу және режиссерге бағыну сынды ұсақ түйек нәрселердің бәрі біздің театрдың бойынан табылды. Өкініштісі мұндай қасиеттерді біз өзге студенттік театрлардан аңғармадық. Сонымен қатар кейбір студенттік театрлардың дәрежесі мектептік скетчтармен тең болып қалды. Дегенмен мұндай байқауларға қатысу біздің одан әрі дамуымызға, тәжірибе алып, саралауға үлкен мүмкіндік деп білемін. Аталмыш байқауға «Оң қол» қойылымын дайындап бардық, сәтті шыққаны сонша «Бүгін сахна сендерді емес, сендер сахнаны жылаттыңдар» деген үлкен баға берілді. Көрермендердің ыстық ықыласпен толассыз соғылған қошеметіне қарап-ақ жүрекке жеткенін түсіндік. Бұл байқаудан арнайы жүлдеге ие болдық. Осы жылы да «Үміт 3» байқауына қатысулы жоспарлаудамыз.

– Театр репертуарында 4 спектакль бар, соның бірі «Шкафта қаңқам сөйлейді» қойылымы. Университет сахнасында екінші және соңғы рет сахналанды. Қойылымның айтпағы не?

– Араға уақыт салып, театр қайта жасақталғанда «Шкафта қаңқам сөйлейді» атты драматургия жазып шығардым. Бұған дейінгілер режиссерлік дебютім болса, бұл менің драматургиядағы тырнақ алды туындым. Мұнда зорлық-зомбылыққа қарсы жазылған. Бірақ феминизмге бағытталған оны үгіттейтін спектакль емес. Көрермендер көргеннен кейін көбінесе «феминизм емес пе, неге еркектер төмен түскен, ал әйелдер әлсіз көрінген?» деп жатады. Бұл жерде «төрт көзділер» деген кейіпкерлер бар, яғни өсекшілер, осы арқылы әйелдің жауы әйел екенін көрсетеміз. Екінші рет сахналағанда бір сахна ауыстырылды. Бұрын аялдамада бір қыз бала автобус күтіп тұрған кезде оны бір бейтаныс жігіт ұрлап алып кететін болған, ал бұл жолы ол сахна өзгертіліп, өзінің туысқан ағасы зорлайды. Әрине мұндай көріністер адамның психикасына әсер етуі әбден мүмкін, дегенмен өмірдің шындығы сол. Қойылымның аты да ерекше, бұл жерде әр үйдің сыры басқа

Қазақтың әйгілі актері, режиссер Шәкен Айманов «Театр – адамның өзін-өзі сахнадан көріп, өзін-өзі түсінетін орын» деп баға берген болатын. Бұл пікір біздің кейіпкеріміз Нұрлыгүл Достанованың да жүрек түпкіріндегі негізгі ойы. Журналистика кафедрасының 3 курс студенті, университет қабырғасындағы өнерлі жастардан құрылған «SAF» студенттік театрының режиссері Нұрлыгүлдің есімі театр сүйер университет жастары арасында айрықша танымал. Оның жетекшілігімен қойылған қойылым көптің көңілінде жатталып, жүрегінен орын алса, бойынан қауыз жарған гүлдей енді ашылған режиссерлік қабілеті көп жастардың театрға назарын аудартып, қызығушылығын оятты. Бір ғана арудың бойынан сонша қабілеттің табылуы көпті қайран қалғызып, таңдай қаққызғандықтан Нұрлыгүлмен сырлы сұхбат құруды жөн көрдік.

деген мағынаға саяды. Шкафтадан шыққан әрбір әйелдің өзіне тән құпиясы мен сыры, айтылмаған мұны мен шері бар. Көрерменнің көзайымына айналған сәтті туынды болды.

– Театрдың қазіргі өміршеңдігі қандай, не нәрсе жетіспейді және болашаққа жоспарларыңыз?

– Батыс өңірі – өнерге бай қасиетті жер. Әсіресе, Атыраудың топырағынан небір өнер майталмандары шыққан. Осындай тарихы бай, өнер мен руханияттан кем де қалмаған өлкеде өнер мамандарын даярлайтын не университет те немесе факультет те, не кафедра да жоқ екен. Осы мені қынжылтады, сондықтан біздің университетте де осы «актерлік шеберлік» мамандығы ашылса екен деймін. Жалпы университет басшылығы қай-қай бастамамызды қолдауда. Бұл бізге шабыт сыйлайды. Дегенмен бірқатар мәселелердің де бары жасырын емес. Мысалы, ең көп қозғалып жүрген мәселенің бірі – бұл арнайы дайындық орнының болмауы. Әрине, қазір акт залда дайындық жүргізілгенімен оның өзі де бізге керек уақытында босай бермейді. Сондықтан осы мәселелерді біз жиі көтерудеміз. Осы сәтті пайдаланып Атырау университеті Жастар саясаты департаментінің бөлім басшысы Сайран Сабырұлына театр атынан өз ризашылығымызды білдіргім келеді. Біздің барлық бастамамыздың сәтті өтуі үшін аянбай, әртүрлі идеямызға көрсеткен қолдауы мен сенімі үшін алғысымыз шексіз. Екінші мәселе – көрермен мәдениеті. Сахна мәдениетінен бөлек, театрға келген әрбір адам жеке тәртіп пен мәдениетті сақтауға деймін. Біз сол арқылы өсеміз, көрерменнің талғамы өсіп, сыни ойлау қабілеті артқан сайын біздің де жұмысымызға оң әсер беріп, шығармашылық дамуымызға тың серпін береріне сенімім мол. Көрерменнің талғамы жоғары болған кезде біздер де тисінше көп ізденіп, сұранысқа сай жұмыстар атқарамыз. Сондықтан біздің университетте Халел адамдардың көп болғанын қалаймын, хамелон адамдардың емес. Жалпы бүгінде театр құрамында 35 студент бар. Олардың әрбірінің өзіне жүктелген жұмыстары бар. Мысалы, Шұғыла Асанқызы – би қоюшы болса, Орынгүл Мұхтарқызы – гример әрі тігінші, Альбина Жамбылқызы – дыбыс режиссері, Бұлбұл Мақсұтқызы – жарық қоюшы және Әсемгүл Шаймардан – жетекшілік қызметте. Ең қызығы бұл студент қыздардың бәрі де мүлдем өнерге қатысы жоқ мамандықта оқиды. Дегенмен біздің басымызды бір арнаға тоғыстырған осы театрға деген махаббат, өнерге деген құрмет болса керек. Осындай ұжымдық жұмыста осы бар деп ойлаймын. Сондықтан болашақта әуесқой театр, жастар театры содан соң халықтық театр болып алға қарай өрлей береміз деген үміт те жоқ емес. Менің де басты мақсатым – университеттегі бойында бір талантты, көзінде жалыны бар студенттердің басын біріктіру. Алға қойған жоспарымыз өте көп, спектакль де жазылып жатыр. Бұйырса жақсы жаңалықтармен қуантатымыз деген ойдамыз.

– Сұхбаттасқаныңызға рақмет, шығармашылық табыс тілейміз!
Сұхбаттасқан: Жайна МӘЛІМҚОЖА

Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті



Қазақстан Республикасы
Атырау қаласы
Студенттер даңғылы, 212

Г.Қайырғалиева – кеңесші
Ж.Мәлімқожа – бас редактор
П.Тулин – дизайнер-бет құрушы
Е.Қабделов – фотограф

Редакция:

«Университет» газетінің меншікті тілшілері:

Н.Самғат
Ж.Қалым
электрондық пошта – media@asu.edu.kz

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, #707 куәлік берілген 04.02.2002 жыл Газеттің жылына 10 нөмір шығады.

Газет «Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Тапсырыс #0376 Баспаның мекен-жайы: Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29А үй

Таралымы 1000 дана